

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Журналистика факультеті**  
**Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы**

**«Талдамалы журналистика»**  
пәні бойынша

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Пәннің коды: TZh 67416  
Пәннің ID: 67416

«6B03201 - Журналистика»  
білім беру бағдарламасы  
Оқыту деңгейі: бакалавр  
Курс – 3  
Семестр – 1  
Кредит саны – 6

Алматы 2024

## 1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Пәннің мақсаты:** Қоғамдық даму саласында білімді қалыптастыру және қазіргі заманғы шындықты публицистикалық құралдармен масс медиада талдау. Курс өзекті қоғамдық құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді, жағдайларды және олармен байланысты қоғамдық дамудың теориялық және практикалық мәселелерін зерделеуге бағытталған; даму үрдістерінің қазіргі заманғы қайшылықтарын, әртүрлі көзқарастар негізділігін анықтауға бағытталған.

### **Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:**

1. Теориялық және практикалық сыннан өткен студенттерге қазақ және орыс тілінде тиісті оқулықтар мен әдебиеттер тізімі ұсынылады. Интернеттегі дерек көздері көрсетіледі. Дәріс пен семинар сабағына ноутбук, әртүрлі видеофильмдер, баспасөз материалдары пайдаланылады. Ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас сыйласымға, демократия мен этикаға негізделеді. Шәкірттен білімділік, мәдениеттілік, биязылық талап етіледі. Дәл сондай талапты оқытушы өзіне де қояды.
2. Пән дәрісі мен зертханалық сабақ тарихи сабақтастықтан, өзара тәуелділік байланыстан, заманалық масс-медиа тәжірибесінен таратылады. Пәнаралық мәселелерге көңіл бөлінеді. Теориялық және практикалық білім алу барысында студент журналистиканың айналамен тығыз байланысын ұғынады.
3. Талдамалы журналистиканың қоршаған ортаға, зияткерлік пайымға, қоғамдық үдеріске әсерін зерделейді. Ақпараттық қоғам талаптарын бағамдайды, оны өздерінің қажеттілігіне жаратуға ұмтылады. Баспасөз арқылы стильдік ажары шырайлы ойлы пікір айтуға дағдыланады.
4. Талдамалы журналистиканың әлеуметтік үдерістердегі орны мен ролін нақты ұғынады. Қазақ және халықаралық журналистика өкілдері талдамаларындағы ой өріс пен динамиканы байқай алады, талдамалы журналистиканы өзге әлеуметтік институттармен тығыз байланыста қарастырады.
5. Талдамалы журналистика әдіс-тәсілдерін меңгере отырып, студент тарихи сабақтастық, ұлттық мүдде, ақпараттық қауіпсіздік принциптерін санасына сіңіреді. Студент талдамалы журналистика функцияларын жадында сақтайды, өзіндік жазу мәнерін іздеп, ұштай түседі, теориялық ережелерді лайықты қолдана біледі. Гуманистік дүниетанымын, азаматтық көзқарасын, қаламгерлік стилін айқындап, қалыптастыра бастайды.

### **Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар:**

#### **Модуль 1. Талдамалы журналистиканың жаратылыс пен қоғамдағы орны.**

1. Ұлттық талдамалы журналистикасының пәні, тарихы.
2. Талдамалы журналистиканың қоғам өмірімен сабақтастығы.
3. Журналистикада өмір шындығын бейнелеудің талдамалы тәсілі.

#### **Модуль 2. Талдамалы журналистиканың оқиғатанушылық сипаты мен жанрлары.**

1. Тарихи сараптама.
2. Психологиялық сараптама (психоанализ).
3. Талдамалы есеп және талдамалы корреспонденция.

### **Ұсынылатын дереккөздердің тізімі:**

#### **Оқу әдебиеттері:**

1. Лазутина Г.В. Основы творческой деятельности журналиста. – М.: Аспект Пресс, 2010.
2. Лазутина Г.В., Распрва СС. Жанры журналистского творчества. – М.: Аспект Пресс, 2011.
3. Ким М.Н. Основы творческой деятельности журналиста. – СПб.: Питер, 2011.
4. Қамзин К. Талдамалы журналистика. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
5. Мельник Г., Виноградова С. Деловая журналистика. – СПб.: Питер, 2010.
6. Нургожина Ш.И. Аналитическая журналистика. Методическая разработка – Алматы: Қазақ университеті, 2012.

7. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993.
8. Алимжанов А.Т. Собр.соч. в 3 т. – Алматы: Жазушы, 1990.
9. Әуезов М.О. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997.
10. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
11. Жансүгіров І. Көп томдық шын армалар жинағы. 8 т. – Алматы: Қазығұрт, 2007.

**Ғаламтор ресурстары:**

- 1.<http://elibrary.kaznu.kz/ru>
- 2.<http://www.mediascope.ru>
- 3.<http://onmedia.dw-akademie.com/russian>
- 4.<http://sila.media>
- 5.<http://newreporter.org>
- 6.<http://mediatoolbox.ru/blog>
- 7.<http://www.gazeta.ru/tech/online-smi>
- 8.<http://www.gipp.ru/division.php?id=265>
- 9.<http://www.technologyreview.com/article/401042/conver..>

**2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE**

- 2.1. Емтихан формасы:** Стандартты жазбаша offline. **Платформасы:** Univer АЖ
- 2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты:** пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша қисынды жеткізу, өз көзқарасын дәлелдей білу.
- 2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:**  
Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ бар:  
1-сұрақ: 1 *критерий*. Теорияны және курс тұжырымдамасын білу. 2 *критерий*. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.  
2-сұрақ: 3 *критерий*. Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. 4 *критерий*. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.  
3-сұрақ: 5 *критерий*. Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. 6 *критерий*. Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.
- 2.4. Емтихан өткізу рәсімі.**
- 2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.
- 2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.
- 2.4.3. Бөгде адамның жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы Ережелерді бұзу туралы тиісті акт жасайды.
- 2.4.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға жіберілмейді.
- 2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.
- 2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы:
- 1) емтихан жұмыстарын жинайды;
  - 2) әр жауап парағында жұмысты жазудың аяқталу белгісін қояды – Х әрпі;
  - 3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.
- 2.4.7. Деканат маманына шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кідірілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.
- 2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және

басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережелерді қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күшін жою үшін шағымдану және апелляция қабылданбайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

### ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Конвергентті журналистика; Формасы: Стандартты жазбаша offline.

Платформасы: Univer АЖ

Өлшем (критерий)	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Студенттің талдамалы журналистиканы кәсіби игеруі: заманалы теориялар мен тұжырымдамаларды түсінуі/меңгеруі	Студент өзінің болашақ мамандығына лайықты теорияны, тұжырымдаманы терең саралайды. Сенімді ғылыми дереккөздерге және орнықты сілтемелерге (дәйетемелерге) жүгінеді.	Студенттің ақпараттық ортаға бейімделуі, талдамалы журналистиканың теориясы мен тұжырымын жақсы түсінуінен байқалады. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйектемелер) бере алады.	Студент талдамалы журналистика, ақпараттық интеграция туралы теориялар мен тұжырымдамаларды белгілі бір дәрежеде ғана түсінеді. Негізгі дереккөздерге қажет ғылыми сілтемелер (дәйектемелер) толық берілмейді.	Студент қазіргі ақпараттық кеңістіктегі трендтерден бейхабар. Талдамалы журналистикадағы кәсіби теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсінеді/ түсінбейді. Негізгі дереккөздерге лайықты, орынды сілтеме (дәйектеме) жасай алмайды.
Журналистика факультеті студенттерінің медиа	Студент талдамалы журналистика траектория-	Студент өзінің ізденушілігі мен тұжырымын	Студент талдамалы журналистиканы терең зерделеуге	Студент заманалы мультимедиялық теориялар үдерісінен, медиакеністіктегі

<p><b>кеңістіктегі, дәстүрлі журналистикадағы өз мамандығын кәсіби шеберлік тұрғысынан ұғынуы/игеруі</b></p>	<p>ларын еліміздің ғылыми-технологиялық тәуелсіздігімен тығыз байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің, нақты ғылымдар дәлелдерімен (сұхбат-сараптама немесе статистикалық талдау және т.б) арқылы барынша негіздейді.</p>	<p>еліміздің ғылыми-инновациялық саясатымен тікелей байланыстырады. Қажетті аргументтерді эмпирикалық зерттеу мәліметтерімен бекемдей алады.</p>	<p>білімі жетіңкіремейді. Эмпирикалық зерттеулер нәтижелерін тиісті жерінде ұтымды қолдана алмайды.</p>	<p>өзгерістерден хабары шамалы. Газеттегі, медиакеністіктегі сараптамалық мақалалармен байланысы жоқ. Эмпирикалық зерттеулерді ішнара пайдаланады немесе мүлдем қолданбайды.</p>
<p><b>Ұстаным саясаты немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар</b></p>	<p>Студент тарапынан талдамалы журналистикаға қатысты сындарлы ұсыныстар айта алады. Ол ұсынымдарды жүзеге асыру жолдары алға тартылады.</p>	<p>Студент өзінің теориялық және практикалық білім дәрежесіне сәйкес көкейге қонарлық кейбір ұсыныстарды ортаға салады.</p>	<p>Студенттің теориялық және практикалық ұсыныстары кітаппен ғана шектеледі. Ұсынымдарының мән-маңызы жоғары емес, мұқият талдауға құрылмаған.</p>	<p>Студенттің мақала жазудағы іскерлік, қолданбалық ұсыныстары аз немесе мүлдем жоқ. Теориялық және практикалық ұсынымдарының деңгейі төмен.</p>
<p><b>Жазу, APA style (Академиялық жұмысты Америка психологтары ассоциациясы жасаған пішінде көрнекілендіру)</b></p>	<p>Ой айкындығы, пікір нақтылығы және жазу сауаттылығы барынша бедерлі. APA style-ды (академиялық жұмысты көрнекілендіру формасын) қатаң ұстанады.</p>	<p>Жөн-жоба дұрыстығы, нақтылығы және тренд айкындығы байқалады. Негізінен APA style-ды ұстанады.</p>	<p>Ой айтуда бірқатар мүдіріс бар, анықтық жетіспейді. APA style-ды ұстануда да қателіктер ұшырасады.</p>	<p>Ойы бұлыңғыр, пікірі түсініксіз, мазмұны жұтаң. APA style-ды ұстануда қателік көп.</p>

**Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:**

**Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:**

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К-критерийлердің жалпы саны.

**Қорытынды баллды есептеу мысалы**

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1.	1 критерий	100				
2.	2 критерий		75			
3.	3 критерий			60		
4.	4 критерий				45	
5.	5 критерий	100				
6.	6 критерий				49	
	<b>Қорытынды %</b>	<b>200</b>	<b>75</b>	<b>60</b>	<b>94</b>	<b>200 + 75 + 60 + 94 = 429 429 / 6 критерийлер = 71,5 Қорытынды балл в % = 70</b>

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. **70 балл** 70 баллдан 89 баллға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «**Жақсы**» санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «**Жақсы**» 70 баллға бағаланатын болады.

Декан \_\_\_\_\_ Әуесбай Қ.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Әлжанова А.

Дәріскер \_\_\_\_\_ Қорғасбек Ж.

